

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	2	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан	2
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мамандандырылған сот алқасының қаулылары	30	Постановления специализированной судебной коллегии Верховного Суда Республики Казахстан	30
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	38	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан	38
2014, 2015 жылдар және 2016 жылғы бірінші жартыжылдықта терроризм және экстремизм туралы қылмыстық істерді қарау жөніндегі сот практикасын қорыту	56	Обобщение судебной практики по рассмотрению уголовных дел о терроризме и экстремизме за 2014, 2015 годы и первое полугодие 2016 года	56
Құттықтау айдары	73	Рубрика поздравлений	73

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер

Извлечения из постановлений судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан

Тұрғын үй даулары бойынша

Талапкер жауапкерді пәтерден шығару туралы талап қойған кезде балалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, олардың анасымен аралықтағы құқықтық қатынастарды ескермеген

2016 жылғы 13 шілде

32п-538-16

Талапкер С. жауапкер Ә.-ны пәтерден шығару туралы арызбен сотқа жүгінген.

Жылыой аудандық сотының 2015 жылғы 14 тамыздағы шешімімен талап арыз толығымен қанағаттандырылған.

Атырау облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 12 қазандағы ұйғарымымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, іс бойынша қаралған.

Аталған апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 12 қазандағы шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылған.

С. өтінішхатында апелляциялық сот алқасының шешімімен келіспей, оның күшін жойып, бірінші сатыдағы соттың актісін күшінде қалдыруды сұрайды.

Сот алқасы іс құжаттарын тексеріп, төмендегі негіздерге байланысты дау айтылған сот актісі өзгеріссіз қалдырылуға жатады деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 438-бабының 5-бөлігіне сәйкес заңсыз сот актісін шығаруға әкеп соққан материалдық және процестік құқық нормаларының елеулі түрде бұзылуы заңды күшіне енген сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарауға негіз болады.

Алайда іс бойынша мұндай заң бұзушылықтарға жол берілмеген.

Іс құжаттарына қарағанда, талапкер С. мен жауапкер Ә. 1996 жылы 24 тамызда заңды некеге тұрған.

Осы некеден 1998 жылы 14 маусымда туған Р., 2000 жылы 8 сәуірде туған А., 2005 жылы 20 шілдеде туған З. және 2010 жылы 22 тамызда туған Б. есімді балалары бар.

Атырау облысы Жылыой аудандық сотының 2011 жылғы 24 маусымдағы шешімімен тараптардың арасындағы неке заңды түрде бұзылып, ортақ некеден туған, жастары кәмелетке толмаған Б. және З. атты балалары анасы Ә.-мен, ал Р. және А. атты балалары әкесі С.-мен тұратындығы белгіленген.

Тараптар Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 3-шағын аудан, 45-үй, үш бөлмелі, жалпы алаңы 68,1 ш.м., пайдалы алаңы 42,9 ш.м., № 22 пәтерде тұрып келген.

Даулы пәтер оны сыйға тарту туралы 2009 жылғы 27 қазандағы № 6859483 шартқа сәйкес талапкер С.-ға азаматтар Е., Г., Ю.-дің аттарынан сыйға берілген.

С. өзінің сотқа берген талап арызын жауапкердің «пәтер тапқанша тұра тұрайын» деген өтінішімен келіскені, некеден ажырасқаннан кейін соңғының төрт жыл бойы осы пәтерде тұрып келе жатқаны, үй шаруашылығымен әйел ретінде айналыспайтыны, өзінің жаңа отбасы құратын ойы бар екені, жауапкердің өз еркімен пәтерді босатпай отырғандығы туралы уәждермен негіздеген.

Жоғарыда көрсетілгендей, бірінші сатыдағы сот талапкердің арызын қанағаттандырған.

Істі апелляциялық тәртіппен қарау барысында аудандық соттың шешімінің күші жойылып, апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 12 қазандағы шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот алқасының шешімінде ортақ некеден туған балалардың мүдделері ескерілетіні, балалардың аналарымен бірге тұруға ниет білдіретіндіктері, азаматтық істі қарау және шешу барысында тұрғын үй қатынастарын реттейтін материалдық заңнаманың соттың дұрыс қолданбағаны, сондай-ақ тараптардың ортақ меншігінде 1999 жылғы 26 мамырдағы сатып алу-сату шартына сәйкес, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағын аудан, 16-үйде орналасқан № 17 пәтері болғандығы, аталған пәтерді 2004 жылы 3 желтоқсанда 3 930 000 теңгеге сатқандары, осы жағдайды ескермей талапкердің туыстары даулы пәтерді тек С.-ға сыйға тартқандығы туралы негіздер көрсетілген.

Апелляциялық сот алқасы осы дауды шешкен кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, тұрғын үй қатынастарын реттейтін материалдық заңнамаларды орынды қолданған.

Аталған сот алқасының шешімі ана мен балалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне толығымен сәйкес келеді.

Іс материалдарымен дәлелденгендей, жауапкер Ә. төрт жасөспірім және кәмелеттік жасқа толмаған балалардың анасы болып табылады.

Тараптар некеден заңды түрде ажырасқаннан кейін, талапкер мен жауапкер бес жыл бойы бір пәтерде бірге тұрып, балаларын асырап-бағып, олардың тәрбиелерімен айналысып келген.

Некеден ажырасу туралы шешім 2011 жылы 21 маусымда қабылданғанына қарамастан, С. жауапкерді өзінің меншігіндегі пәтерден шығару туралы талап арызды сотқа тек 2015 жылғы 22 шілдеде берген.

Жоғарыда көрсетілген сот шешіміне сәйкес, тараптардың 1998 жылы туған Р. және 2000 жылы туған А. атты ортақ балалары әкелері С.-ның тәрбиесінде болғанымен, соңғы жылдары олардың отбасы туралы көзқарастары мен пікірлері өзгеріп, аналары Ә.-мен бірге тұру туралы тілектерін білдірген.

Сонымен қатар кассациялық алқа жауапкердің тәрбиесінде аталған балалармен бірге туысқан жасөспірім екі баланың бар екенін және ана мен балалардың мүдделері, міндеттері мен құқықтары бір-бірімен тығыз байланысты екенін ескере отырып, сот алқасы қабылданған шешім заңды деген тұжырымға келеді.

Талапкер С. жауапкер Ә.-ны пәтерден шығару туралы талап қойған кезде балалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, олардың анасымен аралықтағы құқықтық қатынастарды ескермеген және осы ерекшеліктерге бірінші сатыдағы сот назар аудармаған.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабының 2-тармағында ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті - деп көрсетілген.

Сол сияқты баланың өз ата-анасымен немесе басқа да заңды өкілдерімен бірге тұруға құқығы бар.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-1 Заңының 21-бабын 2-тармағына сәйкес ерекше жағдайларда, егер меншік иесімен үнемі бірге тұрса және онымен кемінде бес жыл ортақ шаруашылық жүргізсе, басқа адамдардың да тұрғын үй иесі отбасының мүшелері деп танылуы мүмкін.

Дауланып отырған пәтер жауапкер мен оның балаларының жалғыз баспанасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77-ХІІІ қаулысымен ратификацияланған, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 1989 жылғы 20 қарашада қабылданған «Бала құқықтары туралы» конвенцияның 16-бабында бірде бір бала оның жеке өміріне, отбасылық өміріне, баспанасына қол сұғылмау немесе хат жазысып-алысу құпиясына не болмаса оның ар-намысы мен абыройына заңсыз араласушылықты болдырмау құқығын жүзеге асыруда ерікті түрде немесе

заңсыз араласу нысаны бола алмайды - деп көрсетілген, яғни апелляциялық сот алқасының шешімі халықаралық заңнаманың талаптарына сай келеді.

Бұл тұрғыда дау айтылған сот актісін заңсыз деп тануға негіздер жоқ. Сондықтан апелляциялық сот алқасының шешімі күшінде қалдырылып, талапкер С.-ның өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылды.

Материалдық заң талаптарының бұзылуы

Талапкер өзінің іс-әрекеттерімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 мамырдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органы қызметкерлерінің ар-намыс кодексінің талаптарын өрескел бұзғандықтан, оның талабы қанағаттандыруға жатпайды

2016 жылғы 17 тамыз

Згп-676-16

Талап қоюшы С. жауапкер «Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 227 ж/қ бұйрығының күшін жойып, бұрынғы қызметіне қайта орналастыру, лажсыз бос жүрген күндеріне еңбекақы өндіру туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық сотының 2015 жылғы 26 қарашадағы шешімімен С.-ның талап арызы ішінара қанағаттандырылып, Департаменттің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 227 ж/қ бұйрығының С. жөніндегі бөлігі заңсыз деп танылып, күші жойылған. С. бұрынғы қызметіне қайта орналастырылып, талап арыздың басқа бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2016 жылғы 3 ақпандағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Жауапкердің өкілі өтінішінде іс бойынша қабылданған сот актілерімен келіспей, істі қарау барысында соттардың тарапынан материалдық заң нормаларының бұзылуына жол берілгенін көрсете отырып, іс бойынша қабылданған сот актілерінің күшін жойып, талап арызды толық көлемде қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылдауды сұраған.

Жауапкер өкілдері Д.-нің және А.-ның өтінішхат уәждерін қолдаған пікірлерін, прокурордың сот актілерінің күшін жойып, өтінішхатты толық

қанағаттандыру жөнінде жаңа шешім қабылдауды сұраған қорытындысын тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерделеп, сот алқасы өтінішхатты төмендегі негіздерге байланысты қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 438-бабының 5-бөлігіне сәйкес материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығының едәуір бұзылуы соттың заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға негіз болады.

Аталған азаматтық істі қарау барысында мұндай заң бұзушылықтарға жол берілген.

Іс құжаттарына қарағанда, Департамент басшысының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 227 ж/қ санды бұйрығымен, қызметтік міндетіне немқұрайлылық танытып, өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2011 жылғы 28 мамырдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің ар-намыс кодексінің 2-бөлігі 11-тармағының талаптарын өрескел бұзып, құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін талапкер «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Отырар аудандық ішкі істер бөлімі әкімшілік полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы қызметінен босатылған.

С.-ның қызметінен босатылуына облыстық Ішкі істер департаментінің Тәртіптік комиссиясының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 29 хаттамалық шешімі, яғни учаскелік полиция инспекторы міндеттеріне немқұрайлылық танытып, жеке басы анықталмаған мәйітті 2015 жылғы 23 шілдеде Ордабасы ауданы Темірлан елді мекеніндегі сот сараптама орталығынан алып кетіп, яғни белгісіз азаматтың мәйітіне қатысты тиісті іс-шаралар атқармай, мәйітті жерлеу рәсімдерін сақтамай, полиэтилен пакетіне оралған күйде қоқыс шұңқырға көмусіз тастап кетіп, құқық қорғау органының атына кір келтіретін теріс қылық жасағаны негіз болған.

Бірінші сатыдағы сот С.-ның талабын ішінара қанағаттандыру туралы тұжырымын, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 57-бабының 14-тармағын, «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың 16-қосымшасы 7-тармағының талаптарын басшылыққа алып, С.-ны ішкі істер органы қатарынан босату туралы тәртіптік жаза қолданғанда, оның 2015 жылғы 28-30 шілде күндері емделуде болғаны ескерілмегенін көрсетіп, сондықтан осы мерзімде тәртіптік жаза қолданылмайды деп негіздеген.

Соттың бұл тұжырымымен облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасы келіскен.

Алайда, кассациялық сот алқасы төменгі сатыдағы соттардың бұл тұжырымы заң талаптарына сай келмегендіктен қате деп есептейді.

Іс құжаттарына қарағанда, С. өзінің іс-әрекеттерімен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 28 мамырдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органы қызметкерлерінің ар-намыс кодексінің 2-бөлігі 11-тармағының 1) тармақшасындағы «Өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік қызметтің беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге тиіс», - деп көрсетілген талаптарын өрескел бұзып, құқық қорғау органына кір келтіретін теріс қылық жасағаны өз дәлелін тапқан.

Сонымен қатар, С. өзінің әрекетімен «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 246 бұйрығының 11-тармағындағы «нормативтік құқықтық актілерді бұзу, ішкі істер органдары басшылығының бұйрықтарын, нұсқауларын орындамау, қызметтік міндеттерін орындамау немесе тиісті қылықтар» деп көрсетілген талаптарды сақтамай, қызметтік тәртіптің өрескел бұзылуына жол бергені дәлелденген.

Төменгі сатыдағы соттар С.-ның 2015 жылғы 28-30 шілде аралығында амбулаториялық емделуде болғандықтан, оны жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп таныған. Алайда бұл жасалған тұжырым негізсіз болып табылады, өйткені ол сотта зерттелген іс құжаттарына қайшы келеді.

Іс құжаттарына қарағанда, 2015 жылғы 28 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің Тәртіптік комиссиясының отырысына С.-ның өзі қатысып, болған жағдай орын алғанын, алайда тәртіптік жауапкершіліктен құтылу және жалтару мақсатында өзінің еңбекке жарамсыз болғанын басшыларына тиісті түрде хабарламаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы № 53 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету ережесінде медициналық және санаторлық-курорттық қызмет көрсету Ішкі істер министрлігінің медицина ұйымдарында жүзеге асырылатыны көрсетілген.

С.-ның науқастанып қалғаны жөнінде ішкі істер органының арнайы медицина ұйымына тіркелмей, еңбекке жарамсыз парағын аудандық ауруханадан аштырып, оны Департаменттің ішкі тәртібіне сай ведомстволық медицина орнында тіркетпей, ол жөнінде тәртіптік комиссия отырысында және келесі күні де басшыларынан жасырып, еңбекке жарамсыз парағын сот отырысы барысында сотқа ұсынуы, жұмыстан босату туралы бұйрықты заңсыз деп тануға бағытталған іс-әрекет деп тануға жатады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы жергілікті соттардың қабылдаған сот актілерін өзгертіп, «Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 29 шілдедегі № 227 ж/қ бұйрығының С. жөніндегі бөлігін заңсыз деп танып, бұрынғы қызметіне қайта орналастыру туралы бөлігінің күшін жойып, істің осы бөлігі бойынша жаңа шешім қабылдады, яғни С.-ның талабы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Сот шешімі мен апелляциялық сот алқасының қаулысының басқа бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, «Оңтүстік Қазақстан облыстық Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесінің өтінішхаты қанағаттандырылды.

Талап қою мерзімі туралы

**Талап қою мерзімін есептеу кезінде
Азаматтық кодекстің 238-бабы 1-1-тармағының
талаптарына сәйкес, егер шарт бойынша мүлікті иеленушінің меншік
құқығы мемлекеттік тіркелуге жататын болса, онда мүлікті иеленушінің
меншік құқығы осындай тіркеу жасалған кезден бастап туындайды**

2016 жылғы 14 қыркүйек

Згп-771-16

Талапкерлер Е., М. жауапкер С.-ға, жеке нотариус Ш.-ға ғимаратты ортақ мүлік деп танып, сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану және моральдық залалды өндіру туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Қызылорда қалалық сотының 2015 жылғы 22 қазандағы шешімімен талап арыз ішінара қанағаттандырылған. Даулы екі қабатты ғимарат талапкерлер Е. мен М.-ның ортақ мүлкі деп танылып, талапкер Е.-мен жауапкер С.-ның арасында ғимаратты сыйға тарту туралы 2012 жылғы 9 қаңтарда жасалған шарт жарамсыз деп танылған.

Қызылорда облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімі өзгертілген. Шешімнің даулы екі қабатты ғимаратты Е. мен М.-ның ортақ мүлкі деп тану және талапкер Е.-мен жауапкер С.-ның арасында ғимаратты сыйға тарту туралы 2012 жылы 9 қаңтарда жасалған шартты жарамсыз деп тану туралы бөлігінің күші жойылып, талап арыздың осы бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылған.

Іс құжаттарына қарағанда, 2004 жылғы 1 наурыздағы сатып алу-сату шартына және Қызылорда қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 4 мамырдағы № 2241 қаулысына сай даулы жер учаскесі С.-ға тиесілі болған.

2007 жылғы 3 қазанда С. жер учаскесін өзінің апасы Е.-ге сыйға тартқан.

2008 жылғы 27 ақпанда мемлекеттік қабылдау комиссиясы осы жер учаскесінде салынған дүкеннің ғимаратын пайдалануға қабылдаған.

Бірінші сатыдағы сот талап арызды қанағаттандыра отырып, даулы ғимарат Е. мен М.-ның некеде тұрған кезде пайдалануға берілгенін, сонымен қатар ғимаратты ерлі-зайыптылардың салғандары жөнінде куәлардың түсініктемелерін басшылыққа алған.

Апелляциялық сот алқасы талап арызды қанағаттандырусыз қалдыра отырып, даулы ғимаратты талапкерлердің салғаны жөнінде куәлардың түсініктемелері дәлел болып есептелмейді деген тұжырымға келген. Сонымен бірге апелляциялық сот алқасы өзінің тұжырымын жалға беру шарттары, банктік жеке шотының көшірмелері және салық есептілігін қабылдау жөніндегі құжаттарымен негіздеген.

Алайда, құрылыс жұмыстары қалай жүргізілгенін анықтау үшін ғимараттың құрылысына қатысты құжаттар, яғни құрылыс салуға кім тапсырыс бергенін, оны салуға кім рұқсат бергенін, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге кіммен келісімшарт жасалғанын, ғимаратты өрт және санитариялық нормаларға сәйкестігі кіммен мақұлданғанын сот зерттеуі тиіс болатын.

Сонымен қатар, талап қою мерзімін есептеу кезінде сот Азаматтық кодекстің 238-бабы 1-1-тармағының талаптарын ескеруі тиіс еді. Оған сәйкес, егер шарт бойынша мүлікті иеленушінің меншік құқығы мемлекеттік тіркелуге жататын болса, онда мүлікті иеленушінің меншік құқығы, осындай тіркеу жасалған кезден бастап туындайды.

Дауланып отырған сыйға тарту шарты 2012 жылғы 9 қаңтарда жасалған, мемлекеттік тіркеуден тек 2015 жылғы 30 маусымда өткізілген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы қаулының даулы екі қабатты ғимаратты талапкерлер Е. мен М.-ның ортақ мүлкі деп тану және 2012 жылғы 9 қаңтардағы талапкер Е.-нің жауапкер С.-нің ғимаратты сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану туралы талап арызды қанағаттандырусыз қалдыру туралы бөлігінің күшін жойып, істің осы аталған бөлігін басқа құрамда қайта қарау үшін апелляциялық сот алқасына жолдануға жатады деген тұжырымға келді.

Тұрғын үй қатынастары туралы

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 13-бабының 3-бөлігіне сәйкес ортақ бірлескен меншіктегі тұрғын үйдің иелігінен шығаруға барлық меншік иелерінің келісімімен ғана жол беріледі

2016 жылғы 28 қыркүйек

Згп-798-16

Талапкер А. жауапкерлер К., Х., Е., З., Г.-ның пәтерді сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық сотының 2016 жылғы 06 қаңтардағы шешімімен талапкердің талап арызы ішінара қанағаттандырылған.

2007 жылғы 04 қазандағы Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, 2-үй, 48-пәтерді сатып алу-сату туралы А.-ның, Х.-ның, Г.-ның, Е.-нің, Б.-ның және З.-ның арасындағы шарттың бестен бір бөлігі жарамсыз деп танылған.

Талапкер А.-ның талап арызының басқа бөлігі қанағаттандырылмай қалдырылған.

Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2016 жылғы 10 наурыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы (бұдан әрі - сот алқасы) төмендегі негіздерге байланысты дау келтірілген сот актілерінің күшін жойып, талапкер А.-ның жауапкерлер К., Х., Е., З., Г.-ның арасындағы Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, 2-үй, 48-пәтерді сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы 2007 жылғы 4 қазанда жасалған шартын жарамсыз деп таныды.

А.-ның пайдасына мемлекеттік баждың өтемі ретінде К., Х., Е., З., Г.-дан 199 теңге өндірілді.

Талапкер А.-ның өтініші төмендегі негіздерге байланысты қанағаттандырылды.

Іс материалдарынан анықталғандай, 1994 жылғы 17 наурыздағы № 8997 жекешелендіру шартының негізінде Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, 2-үй, 48-пәтер (бұдан әрі – пәтер) А.-ның, Х.-ның (2013 жылы қайтыс болған), Е.-нің, Г.-нің, Б.-нің (2004 жылы 11 тамызда қайтыс болған) жекеменшіктеріне берілген.

2007 жылы 04 қазанда сатып алу-сату туралы шарттың негізінде З. үйді сатып алған. Сатып алу-сату шартындағы А.-ның қолын Х. қойған болса, Б.-ның қолын Е. қойған.

Бірінші сатыдағы сот талап арызды ішінара қанағаттандыра отырып, шарттың 1/5 бөлігін жарамсыз деп таныған, яғни талапкердің аталған бөлікте бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіргенін көрсеткен, бұл тұжырыммен апелляциялық сатыдағы сот алқасы келіскен.

Көрсетілген соттардың қорытындылары даулы қатынастарды реттейтін материалдық құқық нормаларына сәйкес келмейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 158-бабының 1-бөлігіне сәйкес, мазмұны заң талаптарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне немесе адамгершілікке көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле жарамсыз болады.

Істі қарау кезінде АК-нің 220-бабының 2, 3 - бөліктеріне сәйкес, мүлікке билік ету жөніндегі мәмілені қатысушылардың қайсысы жасағанына қарамастан бірлескен меншіктегі мүлікке билік ету барлық қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер барлық қатысушылардың келісімінен өзгеше туындамайтын болса, бірлескен меншікке қатысушылардың әрқайсысы ортақ мүлікке билік ету жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы. Бірлескен меншікке қатысушылардың біреуі ортақ мүлікке билік етуге байланысты жасаған мәміле басқа қатысушылардың талап етуімен мәміле жасаған қатысушының қажетті өкілеттігі болмады деген себеппен мәміледегі екінші тарап бұл жөнінде білгені немесе көпе-көрінеу білуге тиіс болғандығы дәлелденген ретте ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Нотариаттың куәландыруын немесе мемлекеттік тіркеуді керек ететін мәмілелер жасасу кезінде бірлескен мүлікке басқа қатысушылардың мәміле жасауға келісімі нотариалдық тәртіппен расталуға тиіс.

Жоғарыда келтірілген заң нормаларына сәйкес, шарттың бір бөлігін ғана емес, толық түрінде жарамсыз деп тану қажет.

Сатып алушының А.-ның пәтерді иеліктен шығаруға қарсы болмағанына хабардар болуы, оның орнына үшінші тұлға – Х.-ның қол қойғаны, сараптаманың қорытындысымен куәландырылғаны айқын көрініп тұр.

Шарттың нысаны мемлекеттік тіркеуді қажет ететін мүлік нысаны болып табылғандықтан, ортақ мүлікке ие болып отырған басқа да қатысушылардың келісімдері нотариалдық түрде бекітілуі қажет.

Аталған заң нормалары Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасында белгіленген. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 13-бабының 3-бөлігінде ортақ бірлескен меншіктегі тұрғын үйдің иеліктен шығарылуына барлық меншік иелерінің келісімімен ғана жол беріледі деп көрсетілген.

Алайда, дауланып отырған сатып алу-сату шартында келісімге келген кезде АК-ның және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының заңының талаптары сақталмағандықтан, талапкердің құқықтары бұзылған.

Сондықтан жергілікті соттар жоғарыда аталған мән-жайларды ескермеген, материалдық құқықтарды қолдануда қателіктер жіберген. Сот алқасы дауланып отырған сот актілерінің күшін жойып, азаматтық іс бойынша талап арызды толық қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауға жатады деген тұжырымға келді.

Споры о праве собственности

В соответствии с пунктом 12 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 5 «О судебном решении» несогласие с заключением эксперта суд обязан мотивировать в решении

8 июня 2016 года

Зпн-330-16

У. обратился в суд с иском к С., Б. и Л. о признании недействительными договора дарения от 9 января 1995 года, заключенного между У., Р., В. и С.; доверенности от 24 июня 2003 года, выданной С. на имя Б.; договора дарения от 20 декабря 2004 года, заключенного между Б. и Л. в отношении квартиры № 7, расположенной в г. Караганде, ул. Кривогуза, дом № 40 (далее – спорная квартира), указывая, что каких-либо действий по отчуждению квартиры не совершал.

Решением районного суда № 2 Казыбекбийского района г. Караганды от 19 ноября 2014 года в удовлетворении иска отказано.

Определением апелляционной судебной коллегии Карагандинского областного суда от 23 декабря 2015 года решение суда первой инстанции отменено.

Решением апелляционной судебной коллегии Карагандинского областного суда от 23 декабря 2015 года иск У. удовлетворен, признаны недействительными:

- договор дарения от 9 января 1995 года, заключенный между Р., У., В. и С.;
- доверенность от 24 июня 2003 года, выданная С. на имя Б.;
- договор дарения от 20 октября 2004 года, заключенный между Б., действующим по доверенности от имени С., и Л.

Разрешен вопрос о судебных расходах.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила решение и определение апелляционной судебной коллегии, оставив в силе решение суда первой инстанций в силу следующего.

Как следует из материалов дела, спорная квартира принадлежала У., Р., В. на основании договора приватизации от 17 сентября 1992 года. В октябре 1992 года истец с семьей выехал на постоянное место жительства в Германию, оставив квартиру родной сестре Р. – Л. с сыном Б. 9 января 1995 года между У., Р., В. и С. заключен договор дарения спорной квартиры.

Спустя 19 лет У. обратился в суд, указывая, что никаких действий по отчуждению спорной квартиры не совершал.

Суд первой инстанции, оценив исследованные в ходе судебного разбирательства доказательства, с учетом их достоверности и достаточности для принятия решения, пришел к обоснованному выводу о несостоятельности требований У., поскольку они противоречат объективно установленным обстоятельствам.

В частности, в качестве основного довода У. о недействительности договора дарения С. от 9 января 1995 года указывает на подложность его подписи в тексте договора и реестре регистрации нотариальных действий.

В целях проверки указанных доводов судом первой инстанции по ходатайству истца была назначена комплексная судебно-почерковедческая экспертиза, заключением которой от 30 октября 2014 года бесспорно подтверждена подлинность подписей в договоре дарения и их принадлежность истцу У. и ответчику С.

Экспертиза в соответствии с требованиями статей 91, 96 ГПК (в редакции 1999 года) проведена незаинтересованными в исходе дела квалифицированными специалистами, обладающими специальными научными знаниями, которые с использованием установленных законом методов пришли к обоснованным выводам по поставленным перед ними вопросам. Заключение экспертизы не вызывает сомнений.

Кроме того, судом опрошены государственный нотариус Е., частный нотариус А., удостоверившие оспариваемые сделки, которые подтвердили принадлежность их подписей и подлинность печатей в реестрах нотариальных действий и в текстах договоров и доверенности.

Ответчик С., являющийся другом семьи У., не признал иск и подтвердил факт проживания в спорной квартире Л., на которую он через ее сына Б. переоформил квартиру по просьбе самого У.

Учитывая изложенные факты, суд первой инстанции, правильно установив круг обстоятельств, имеющих значение для правильного разрешения дела, исследовав предоставленные доказательства, в соответствии с требованиями статей 65, 67, 68 ГПК (в редакции 1999 года) пришел к обоснованному выводу, что сделка соответствует требованиям статьи 46 Гражданского кодекса Казахской ССР, действовавшего на момент возникновения правоотношений сторон.

Договор дарения заключен в письменной форме, нотариально удостоверен, подписан собственноручно дарителем У. и одаряемым

С. Требования, предъявляемые к свободе волеизъявления участников сделки, соблюдены. Сделка зарегистрирована в установленном законом порядке.

Иных оснований для признания сделки недействительной, предусмотренных статьями 47 – 54 Гражданского кодекса Казахской ССР, истцом не приведено.

Последующие сделки, совершенные С. по выдаче 24 июля 2003 года доверенности на Б. с правом дарения квартиры Л., а также Б., подарившим квартиру 20 декабря 2004 года Л., соответствуют требованиям статей 157, 158 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее – ГК).

Отменяя решение районного суда, суд апелляционной инстанции, не опровергая установленные судом первой инстанции обстоятельства в качестве основания для признания сделок недействительными, указал на недоказанность подписания сделки супругой истца Р., а также на отсутствие в паспорте У. отметок о его пребывании на территории Республики Казахстан в период заключения сделки. Данные выводы являются ошибочными и не соответствуют нормам материального и процессуального права.

В соответствии с пунктом 12 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 11 июля 2003 года № 5 «О судебном решении» несогласие с заключением эксперта суд обязан мотивировать в решении.

В нарушение указанного требования судом апелляционной инстанции не мотивированы выводы о невозможности принятия во внимание заключения комплексной экспертизы.

Ссылка на письменную консультацию специалиста Ц. о выполнении подписей не Р. и В., а другими лицами, является необоснованной, так как исследование документов специалистом проводилось по электрофотографической копии, что является недопустимым.

Следует отметить, что сособственники квартиры Р. и В. не обращались в суд по вопросу защиты нарушенных прав и в установленном законом порядке не давали полномочий У. на представление их интересов. Однако заключение экспертизы поставлено апелляционной инстанцией под сомнение именно в части подписей Р. и В., и более того, договор признан недействительным также и в отношении принадлежащих им долей в спорной квартире.

Вывод суда апелляционной инстанции об отсутствии в оригинале паспорта У. отметки о его пребывании в Республике Казахстан в период оформления сделки, свидетельствующем о недействительности договора по этому основанию, является несостоятельным.

Судом не приняты во внимание обстоятельства, что У. в течение 1992 года получил несколько паспортов образца СССР взамен утерянных на основании его же заявлений. Достоверных доказательств, подтверждающих факты утери, не имеется, поэтому факт пребывания У. на территории

Республики Казахстан с использованием различных документов и совершение сделок по ним не исключается.

Так, У. получил гражданство Германии 24 июля 1995 года, однако после этого, 3 июня 1997 года им получен паспорт гражданина Республики Казахстан сроком до 9 августа 2038 года. При этом суду предоставлен оригинал паспорта СССР, выданный 9 октября 1992 года на срок до 09 октября 1997 года, подлежащий сдаче в связи с истечением срока действия.

С учетом вышеуказанных обстоятельств, вывод суда апелляционной инстанции о неподтверждении нахождения У. на территории Республики Казахстан без исследования всех принадлежащих истцу паспортов является в данном случае несостоятельным.

Таким образом, отмена решения суда № 2 Казыбекбийского района города Караганды произведена при нарушении норм материального закона, связана с неправильным определением и выяснением круга обстоятельств, имеющих значение для дела, и переоценкой обстоятельств, фактически верно установленных по делу судом первой инстанции, то есть допущена по основаниям, не предусмотренным статьей 364 ГПК, что в соответствии со статьей 387, подпунктами 1), 3) и 4) части 1 статьи 364, статьей 365 ГПК и пунктом 30 нормативного постановления Верховного Суда от 20 марта 2003 года № 2 «О применении судами некоторых норм гражданского процессуального законодательства» явилось основанием для отмены оспариваемых судебных актов Карагандинского областного суда.

**В силу статьи 614 Налогового кодекса
налоговые органы применяют различные
меры принудительного взыскания налоговой
задолженности налогоплательщика, в том числе
со счетов дебиторов, а также за счет реализации
ограниченного в распоряжении имущества**

08 июня 2016 года

Згп-410-16

РГУ «Управление государственных доходов по городу Талдыкоргану» (далее – Управление) обратилось с заявлением о признании товарищества с ограниченной ответственностью «И» (далее – Товарищество) банкротом, мотивируя тем, что Товарищество ввиду неплатежеспособности и отсутствия денежных средств не может погасить задолженность по налогам и другим обязательным платежам в бюджет в сумме 15 935 251 тенге.

Решением специализированного межрайонного экономического суда Алматинской области от 24 апреля 2015 года в удовлетворении заявления отказано.

Постановлением апелляционной судебной коллегии Алматинского областного суда от 01 июля 2015 года решение суда первой инстанции оставлено без изменения.

Постановлением кассационной судебной коллегии Алматинского областного суда от 30 сентября 2015 года судебные акты первой и апелляционной инстанций отменены, вынесено решение об удовлетворении заявления. Постановлено: признать Товарищество банкротом, ликвидировать его как юридическое лицо с возбуждением банкротного производства сроком на девять месяцев и установить сумму заявленных требований кредитора.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда ввиду допущенных нарушений норм материального и процессуального права отменила постановление кассационной судебной коллегии, оставив в силе решение суда первой инстанции и постановление апелляционной судебной коллегии по следующим основаниям.

Как следует из материалов дела, Товарищество состоит на учете в качестве налогоплательщика в Управлении государственных доходов города Талдыкоргана.

По результатам документальной налоговой проверки по состоянию на 18 февраля 2014 года оно имеет задолженность по налогам и другим обязательным платежам в бюджет в сумме 15 935 251 тенге.

В соответствии с пунктом 1 статьи 620 Кодекса «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (далее – Налоговый кодекс) в случае непогашения юридическим лицом суммы налоговой задолженности после принятия всех мер, предусмотренных статьей 614 настоящего Кодекса, налоговый орган принимает меры по признанию его банкротом согласно законодательству Республики Казахстан.

Так, отказывая в удовлетворении заявления, суд первой инстанции исходил из того, что у Товарищества имеется дебиторская задолженность в сумме 52 199 522 тенге, в отношении которой Управлением не принимались соответствующие меры, тогда как налоговая задолженность перед бюджетом составляет только 15 935 251 тенге.

С данным выводом суда согласилась апелляционная коллегия, указав, что дебиторская задолженность должника превышает его задолженность по налоговым обязательствам. Кроме того, кредиторские задолженности, которые имеет должник перед Банком, обеспечены залогами третьих лиц.

В силу статьи 614 Налогового кодекса налоговые органы применяют различные меры принудительного взыскания налоговой задолженности налогоплательщика, в том числе со счетов дебиторов, а также за счет реализации ограниченного в распоряжении имущества.

Однако в ходе рассмотрения дела суду не были предоставлены в порядке статьи 70 ГПК достоверные доказательства принятия Управлением мер принудительного взыскания налоговой задолженности, предусмотренных указанной нормой закона.

Судебная коллегия пришла к выводу, что Управлением в полном объеме не проведены мероприятия по взысканию имеющейся на балансе Товарищества дебиторской задолженности на сумму 52 199 522 тенге.

Кроме того, отменяя судебные постановления нижестоящих судов, кассационная инстанция областного суда не приняла во внимание того, что на балансе Товарищества имеется движимое имущество – оборудование на сумму 6 880 684 тенге, в отношении которого Управление также не применило меры принудительного взыскания.

К тому же остались без должной правовой оценки со стороны кассационной коллегии доводы Банка о том, что у учредителя Товарищества (он же является гарантом по обязательствам перед Банком и должником по исполнительному производству) – С. имеется не менее 14 объектов недвижимого имущества, стоимость только одного из которых составляет не менее 200 000 000 тенге, а также залоги третьих лиц, реализация которых приведет к погашению задолженности перед двумя банками второго уровня и уменьшению задолженности перед другими кредиторами должника.

Также не принято во внимание наличие у Товарищества филиалов в поселке Бесколь Алакольского района Алматинской области, в городах Алматы, Уральск и Темиртау, а также в поселке Кордай Жамбылской области.

Одним из оснований для удовлетворения заявления Управления суд кассационной инстанции принял во внимание заключение временного управляющего Товарищества, тогда как в силу пункта 13 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан «О практике применения законодательства о реабилитации и банкротстве» от 02 октября 2015 года № 5 заключение временного управляющего не имеет для суда преимущества перед другими доказательствами. Данное заключение должно быть оценено судом в совокупности с другими доказательствами с учетом их относимости, допустимости и достоверности.

С учетом изложенного судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда пришла к выводу, что решение суда кассационной инстанции Алматинского областного суда о признании Товарищества банкротом вынесено преждевременно.

Споры в сфере страхования

**Согласно пункту 2 статьи 383 ГК, если
после заключения договора законодательством
устанавливаются обязательные для сторон правила,
иные, чем те, которые действовали при заключении договора,
условия заключенного договора сохраняют силу, кроме случая,
когда законодательством установлено, что его действие
распространяется на отношения, возникшие
из ранее заключенных договоров**

13 июля 2016 года

Зеп- 431-16

И., Н., М., С., Х., Ж. обратились в суд с иском к акционерному обществу «Страховая компания «Z» (далее – Страховая компания) о возложении обязанности перечислить в АО «КСЖ «Г» страховую премию, подлежащую к доплате по договорам аннуитетного страхования для осуществления дальнейших выплат в пользу истцов, а также взыскать судебные расходы, мотивируя требования тем, что работали на рудниках ТОО «К», ТОО «Ш» время составлены акты о несчастном случае на производстве. Согласно справкам медико-социальной экспертизы (далее – МСЭ) истцам установлен процент утраты профессиональной трудоспособности (далее – УПТ) в связи с профзаболеванием. На момент установления профзаболеваний действовал договор обязательного страхования работодателя, заключенный между ТОО «Ц», ТОО «Ш» и Страховой компанией. Кроме того, между ТОО «Ц» и АО «КСЖ «Г» заключены договоры аннуитетного страхования, согласно которым истцы признаны получателями аннуитетных выплат и для них установлены страховая премия и размер ежемесячной аннуитетной выплаты. Согласно предоставленным справкам МСЭ ранее установленные диагнозы подтверждены, установлена стойкая утрата трудоспособности. На момент заключения договора аннуитетного страхования для расчета сумм была принята справка о средней заработной плате на подземных работах на тот период, хотя на предприятиях ТОО «Ц», ТОО «Ш» произошло повышение заработной платы. В связи с внесенными изменениями в пункт 6 статьи 938 ГК истцы просили удовлетворить заявленные требования.

Решением Усть-Каменогорского городского суда от 4 июня 2015 года иск И., Н., М., С., Х. и Ж. удовлетворен. На Страховую компанию возложена обязанность перечислить в АО «КСЖ «Г» страховые премии.

Постановлениями апелляционной и кассационной судебных коллегий Восточно-Казахстанского областного суда решение суда первой инстанции оставлено без изменения.

Судебная коллегия по гражданским делам Верховного Суда отменила судебные акты местных судов, приняла по делу новое решение об отказе в удовлетворении иска И., Н., М., С., Х. и Ж. к акционерному обществу «Страховая компания «Z» об обязывании перечислить страховую премию по следующим основаниям.

Местные суды, удовлетворяя требования истцов, мотивировали выводы тем, что страховой случай наступил в период действия заключенных между ТОО и Страховой компанией договоров обязательного страхования гражданско-правовой ответственности работодателя за причинение вреда жизни и здоровью работника при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей и в период первичного установления УПТ истцов.

Между тем, данные выводы судов противоречат требованиям норм материального права, в связи с чем вынесенные по делу судебные акты подлежат отмене по следующим основаниям.

Как установлено по делу И., Н., М., С., Х., Ж. состояли в трудовых отношениях с ТОО «Ц» (далее – ТОО) и в период с 2001 года по 2008 год получили определенные степени УПТ.

Между ТОО и Страховой компанией был заключен договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности работодателя.

Страховые случаи в отношении истцов имели место в период действия вышеуказанных договоров обязательного страхования.

Удовлетворяя требования истцов и возлагая на ответчика обязанность по выплате страховых сумм, местные суды исходили из того, что страховые случаи в отношении истцов имели место в период действия вышеуказанных договоров обязательного страхования.

Вместе с тем, возлагая на ответчика обязанность по выплате страховых сумм, суды не учли требования статей 11, 17 Закона Республики Казахстан «Об обязательном страховании работника от несчастных случаев при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей» (далее – Закон).

В соответствии со статьей 11 Закона договор обязательного страхования работника от несчастных случаев должен содержать размер страховой суммы, сумма которого должна быть не менее годового фонда оплаты труда всех работников на момент заключения договора обязательного страхования работника от несчастных случаев, а также размер страховой премии.

Согласно пункту 1 статьи 17 Закона при определении страхователем годового фонда оплаты труда принимается ежемесячный доход каждого работника не более десятикратного минимального размера заработной платы,

установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, умноженный на двенадцать.

Если в течение срока действия договора страхования изменяются фонд оплаты труда и (или) штатная численность работников, то по соглашению сторон в договор страхования вносятся изменения (в части размера страховой суммы и страховой премии) путем заключения дополнительного соглашения на период действия основного договора. Страховая премия рассчитывается исходя из суммы изменения фонда оплаты труда и срока, оставшегося до окончания основного договора. Страховой тариф рассчитывается пропорционально оставшемуся периоду страхования от тарифа, по которому был заключен договор (основной договор) страхования.

«Мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелерін реттейтін заңнаманың кейбір нормаларын қылмыстық сот ісін жүргізуде қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысының 18-тармағына сәйкес «Жедел сатып алу немесе өзге АЖПШ (арнайы немесе жалпы) өткізілгеннен кейін, жалғастырылмайтын, бір мезгілде ғана жүзеге асырылатын қылмыстарды құжаттандыру үшін, мысалы, есірткі құралдарын өткізу, осындай қылмысты анықтау үшін нақ сол адамға қатысты қайтадан АЖПШ өткізуге оны өткізудің заңда көзделген негіздері көрсетіле отырып, тиісті қаулы шығару арқылы жол беріледі».

Бірақ, 2013 жылғы 11 ақпандағы қылмыстық іс-әрекетке еліктеу мінез-құлқық үлгісін қолданған куә Т.-нің қатысуымен өткізілген жедел сатып алу шараларын өткізу барысында қылмыстық қудалау органы қызметкерлерінің тарапынан жоғарыда көрсетілген заңның және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының талаптары бұзылған.

Заңның талаптарына сәйкес, жедел іздігіру шараларын тоқтатып, К.-ның одан кейінгі қылмысының жолын кесудің орнына, полиция қызметкерлері оларды бұза отырып, тиісті қаулы шығармай, жедел сатып алу шараларын қайталап заңсыз өткізген. Бұл іс-шара осы есірткі затының айналымына қатысты басқа тұлғаларды анықтауға бағытталмаған.

Аталған жедел сатып алу шаралары заң талаптарының бұзылумен өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына және ҚПК-нің 112-бабына сәйкес бұл эпизод бойынша жинақталған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Сол себепті олар заңсыз алынған дәлелдемелер деп танылып, сот актілерінен К.-ның есірткі затын заңсыз бірнеше рет сатқаны оған тағылған айыптан алынып тастауға жатады.

Мұндай жағдайда, К.-ның қылмыстық іс-әрекеті ҚК-нің 259-бабы 3-бөлігінің «б» тармағынан осы Кодекстің (2014 жылғы 03 шілдедегі басылымда) 297-бабының 1-бөлігіне қайта дәрежеленуге, ал оған тағайындалған жазаның мөлшері төмендетуге жатады.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының ережелеріне сай, соттар жаза тағайындағанда, ҚК-нің 52-бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін,

сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда, неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

Іс бойынша анықталғандай, К.-ға жаза тағайындағанда, сот оның бұрын сотты болмағанын, тағылған айып бойынша кінәсін ішінара мойындағанын, жасаған қылмысына шын жүректен өкінетіндігін, жағымды мінездемесін, асырауында екі баласының барлығын, денсаулық жағдайын, кәмелет жасына толмаған балаларының бар екендігін - оның қылмыстық жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде, ал жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын дұрыс анықтаған.

Бірінші сатыдағы соттың бұл тұжырымымен апелляциялық сот сатысы да келіскен.

ҚК-нің (2014 жылғы 03 шілдедегі редакцияда) 11-бабының 4-бөлігіне сәйкес К. кінәлі деп танылған ҚК-нің 297-бабының 1-бөлігіндегі қылмыстық іс-әрекет ауыр қылмыстар санатына жатады, оның санкциясында жазаның ең қатал түрі мен оның ең жоғарғы мерзімі ретінде 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Аталған Кодекстің 55-бабы 2-бөлігінің 2-тармағына сай, ауыр қылмыс жасаған кезде, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімінің немесе мөлшерінің үштен екісінен асыруға болмайды.

Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Мұндай жағдайда К.-ға тағайындалатын жазаның ең жоғарғы мөлшері бас бостандығынан айыру жазасының 6 жыл 8 айынан аспауы керек.

ҚК-нің 46-бабы 5-бөлігінің 2-тармағына сәйкес сотталған К.-ның жаза өтеуі үшін жалпы режимдегі түзеу колониясы тағайындалуы қажет.

ҚК-нің 113-бабының талаптарына сай қылмыстық іс бойынша оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары), мән-жайлар міндетті түрде дәлелденуге жатады.

ҚПК-нің 299 және 397-баптарының талаптарына сай, айыптау актісі мен айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, жасалған уақыты, орны, оның тәсілі, себебі, салдары, саралануы және өзге де мән-жайлар көрсетілуі міндетті.

Қылмыстық-процестік заңның бұл талаптары орындалмауына байланысты, К.-ның айыбынан «есірткі заты – марихуананы заңсыз иемденуі» қылмыстық белгісі алынып тастауға жатады.

2013 жылдың 11 ақпанындағы 3,6202 гр. есірткі заты – кептірілген марихуанаға қатысты эпизод К.-ның айыбынан алынып тасталуына байланысты одан өндірілген сот шығынының сомасы 8 976 теңге 37 тиынға азайтылуға жатады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған К.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, сотталған К.-ның іс-әрекетін ҚК-нің 259-бабы 3-бөлігінің «б» тармағынан ҚК-нің (2014 жылғы 03 шілдедегі басылымда) 297-бабының 1-бөлігімен қайта дәрежелеп, осы бап бойынша оның мүлкін тәркілей отырып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Жазаны өтеу үшін оған жалпы режимдегі түзеу колониясын белгіледі.

К.-ның айыбынан «есірткі заты – марихуананы заңсыз иемденуі» қылмыстық белгісі алынып тасталды және одан өндірілген сот шығынының сомасы 104 268 теңге 96 тиынға дейін төмендетілді.

Сот қаулыларының басқа бөліктері өзгеріссіз қалдырылып, сотталған К.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

**Жеке адамға қарсы
қылмыстық құқық бұзушылық**

**ҚПК-нің 393-бабы 3-бөлігінің
талаптары негізінде айыптау үкімін
болжамдарға негіздеуге болмайды және
ол сот талқылауы барысында сотталушының
қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі
соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен расталған
жағдайда ғана шығарылады, сондықтан сотталғанның екінші
жәбірленушіні өлтіргені дәлелденбегендіктен үкім өзгертілді**

2016 жылғы 2 тамыз

2ун-174-2016

Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2011 жылғы 13 маусымдағы үкімімен К. ҚК-нің 96-бабы 2-бөлігінің «н» тармағымен 12 жылға бас бостандығынан айыруға тағайындалған жазаны қатаң режимдегі түзеу колониясында өтеуге сотталған.

Сот үкімімен сотталған К. жәбірленушілер У.-ды, содан кейін А.-ны құқыққа қарсы қасақана өлтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасының 2011 жылғы 28 шілдедегі қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз, сотталғанның шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Прокурор наразылығында сотталған К.-ге қатысты сот үкімін өзгертуді, үкімнің К. жәбірленуші А.-ны қасақана өлтірді деген айыптау бөлігін қысқартуды және сотталғанның әрекетін ҚК-нің 96-бабы 2-бөлігінің «н» тармағынан ҚК-нің 96-бабының 1-бөлігіне қайта саралап, оған 10 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды сұраған.

Жоғарғы Сот алқасы прокурордың наразылығын қолдап, сотталған К.-ге қатысты сот актілерін өзгертуді сұраған қорытындысын тыңдап, іс құжаттары мен наразылықта келтірілген уәждерді зерттеп, сот үкімі мен апелляциялық алқа қаулысы төмендегі негіздерге байланысты өзгертілуге жатады деп есептейді.

Сотталған К.-ның жәбірленуші У.-ды қасақана өлтіргені жөніндегі кінәсі дәлелденген деген сот тұжырымы дұрыс және негізді болып табылады. Себебі ол басты сот талқылауында жан-жақты, мұқият тексеріліп, бірінші сатыдағы соттың тиісті бағасын алған дәлелдемелердің жиынтығымен толық бекіген. Оны сотталғанның өзі де жоққа шығармайды.

Алайда прокурордың наразылықта көрсеткен, яғни сотталған К. жәбірленуші А.-ны өлтірген деген айыппен заңсыз сотталған деген уәжімен келіспеуге негіз жоқ.

ҚПК-нің 19-бабына сәйкес ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сөйілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі делінген.

ҚПК-нің 393-бабы 3-бөлігінің талаптары негізінде айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол сот талқылауы барысында сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен расталған жағдайда ғана шығарылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес қылмыс жасаған әр айыпталушының кінәлілігі заң жүзінде дәлелденбесе, ол өзін кінәсізбін деп санауға құқылы.

Сонымен, басты сот талқылауында сотталған К. өзіне тағылған айыпты жартылай мойындап, У.-ды өлтіргеннен кейін ұйықтай алмай, бір жылдан аса уақыт аралығында тоқтамай арақ ішкенін, содан мазасызданып, полиция бөліміне өз еркімен келіп, жасаған қылмысын мойындап, У.-ды өлтірген соң қай жерге оның денесін көміп тастағанын көрсетіп, тауып бергенін, осыдан кейін оған полиция қызметкері Г. жәбірленуші А.-ның да өлімін өз мойнына алуды ұсынып, ақша бергенін, содан ол оның айтқанына көніп, ол қылмысты да мойнына алғанын, бірақ шындығында ол қылмысқа өзінің ешбір қатысы жоқтығын, тергеу кезінде А.-ның өлімі туралы жауапты полиция қызметкерінің алдын ала айтуымен бергенін, ал қылмыс болған жерді бұрын өзі сыртынан көргендіктен айтқанын көрсеткен.

Іс материалдарында А.-ның өлімі бойынша жинақталған дәлелдемелердің жиынтығын мұқият зерттеп, оны сотталған К. мойындап берген жауаптарымен салыстыру барысында олардың араларында көп карама-қайшылықтың барлығы анықталды. Демек, ол К.-ның тергеу барысында А.-ның өлімі туралы жалған жауап бердім деген уәжінің шындық екенін айғақтайды.

Алайда оған бірінші сатыдағы сот тиісті бағасын бермеген.

Сот-дәрігерлік сараптаманың қорытындысына сәйкес А.-ның өлімі бас және бет сүйектерінің ашық сынуы негізінде бас миының жарақаты, бас миының ісіп қысылуы және мидың жұмсақ қабаты мен миға қан құйылу салдарынан болып, аталған жарақаттар қатты доғал заттың әсерінен пайда болғаны көрсетілген.

Сонымен қатар, А.-ның денесінде көптеген басқа да жарақаттар анықталған. Атап айтқанда, сол көзінің сыртқы жағында және сол маңдай-шүйде тұсында шеттері тегіс емес, жиырылған, ұштары доғал, түбінде

сынығы бар сүйек көрініп тұрған және оң жақ самай-шүйде тұсындағы жарақаттар, оң көзінің сыртқы жағының самайында ұласқан жерінде қоңыр-көкшіл түсті көгерген, сол жақ иық алдының ортаңғы үштігінде қоңыр-көкшіл түсті қанталаған, оң балтырдың жоғарғы және ортаңғы үштігінің алдыңғы сыртында қанталаған жарақаттар болған.

Ал К.-ның жауабы бойынша ол А.-ны басынан тек бір рет қана таспен ұрып өлтірген. Алайда жәбірленушінің денесінен табылған жарақаттардың сипаты сотталғанның жауаптарына мүлде сай келмейді.

Сол сияқты К.-ның жауабына сәйкес, А.-ны басынан жәбірленуші баспалдақтың үстінде басын қара түсті курткасымен орап алып жатқан кезде куртка сыртынан кірпішпен бір рет соққы жасаған, соның артынша жәбірленушінің куртка астындағы бас тұсынан қан аққанын көрген. Содан кейін ол кірпішті үй артына лақтырып жіберіп, қылмыс болған жерден кетіп қалған.

Алайда қылмыс болған жерді қарау хаттамасына сәйкес ол жерден жәбірленушіден К.-ның айтқандай қара куртка емес, жасыл куртка алынған, ал ол айтқан кірпіштің қылмыс орнынан алынғандығы туралы дерек жоқ.

Сотталған К.-ның мойындап берген жауабына байланысты жәбірленуші А. өзін Қоңыраттың тумасымын деп таныстырған. Алайда жеке басының құжатына сәйкес ол Оренбург қаласының тумасы екендігі анықталған. Бұл деректі А.-мен бірге қаңғыбас өмір кешкен таныстары да бекіткен.

Сонымен қатар жәбірленуші А.-мен бірге өмірінің соңғы кезінде қаңғыбас тіршілік кешкен оның таныстары, яғни атап айтқанда куәлар Х., О., Г. өздерінің сотталған К.-ны жәбірленуші А.-ның қасында бұрын-соңды бірде-бір рет көрмегендерін көрсеткен.

Сотта куә Р.-нің берген жауабында, яғни ол өзі қамау камерасында К.-мен бірге отырған уақытта сотталғанның үш адамды өлтіргенін айтқанын, солардың ішіндегі ең соңғы өлтірген адамы оның ойынан кетпей қойған соң ол полицияға өз еркімен кінәсін мойындап келгенін айтқанын көрсеткен.

Іс бойынша анықталған мән-жайларға байланысты аталған куәнің жауабын шындыққа сай деп айтуға негіз жоқ, себебі онда К. полиция бөліміне өзі өлтірген соңғы адамның өлімі бойынша мойындап келді делінген. Алайда іс материалдарына сәйкес жәбірленуші У.-дің өлімі жәбірленуші А.-ның өлімінен бұрын болған және сотталған алғаш рет тек У.-өлімі бойынша ғана кінәсін мойындап келген. Мұндай жағдайда куә Р.-ның берген жауабын дәлел ретінде қабылдауға болмайды.

ҚПК-нің 115-бабының 3-бөлігіне сәйкес күдіктінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсін мойындауы оның кінәлі екендігі іс бойынша қолда бар дәлелдемелер жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін.

Алайда, соттың сотталған К. жәбірленуші А.-ны өлтірген деген тұжырымы нақты дәлелдемелердің жиынтығымен расталмаған. Демек, ол

жәбірленуші А.-ның өліміне қатысты жасалған қылмыс бойынша заңсыз, негізсіз сотталған.

Ендеше іс бойынша қабылданған сот актілері сотпен қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы салдарынан кінәсізді соттағандығы себепті өзгертілуге жатады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған К.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, үкімнің сотталған К.-ның жәбірленуші А.-ны қасақана өлтірді деген бөлігі жойылып, іс өндірістен оның әрекетінде қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатылды.

К.-ның қылмыстық әрекеті ҚК-нің 96-бабы 2-бөлігінің «н» тармағынан ҚК-нің 96-бабының 1-бөлігіне қайта сараланып, оған осы баппен 10 (он) жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Үкім мен апелляциялық сот алқасы қаулысының басқа бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, Бас прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

Шартты жаза тағайындау

ҚК-нің 63-бабы 6-бөлігінің талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталған адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды

2016 жылғы 02 тамыз

№2ун-180-16

Семей гарнизоны әскери сотының 2015 жылғы 09 шілдедегі үкімімен Е. ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігімен, 367-бабының 2-бөлігімен 2 жылға бас бостандығынан айыруға, 190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағымен 3 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігі негізінде онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкiлiктi 3 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Оған ҚК-нің 63-бабы қолданылып, тағайындалған жаза шартты деп есептелiп, 2 жылға сынақ мерзiмi белгiленген.

Сот үкімімен анықталғандай, Е. 2015 жылы 10 мамырда Аягөз гарнизонының № 10810 әскери бөлімінің инженері А.-ға қатысты қылмыстық іс қозғалғанын естіп, оның мән-жәйін білуге барған. Сол кезде Е. алаяқтық

жолмен материалдық пайда табу мақсатында А.-ға әскери полицияда істейтін таныстары бар екенін айтқан. Келесі күні А.-ға: «Керекті адамдармен сөйлестім, 6 000 АҚШ доллар берсең шешіледі»-деп, ол жасаған қылмыстың ауыр екенін, оны қамауға алуы мүмкін екенін сендіріп, оған қорқыныш тудырып, алаяқтық жолмен ақша талап еткен, яғни соңғыны әскери полиция бөлімінің лауазымды тұлғаларына айтарлықтай мөлшерде пара беруге азғырған. А. болса, оның айтқан сөзіне сеніп, оның айтқан талабымен келіскен. Ақыры 2015 жылы 2 маусымда Е. алаяқтық жолмен талап еткен 6 000 АҚШ долларға пара-пар келетін жалпы соммасы 1 116 000 теңгені алған жерде ұсталған.

Сот үкімі апелляциялық және кассациялық сот сатыларында қайта қаралмаған.

Бас Прокурор наразылығында сотталған Е.-нің іс-әрекетін ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағынан ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігіне, 190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағына қайта саралап, осы бап бойынша оған мүлкін тәркілеп, 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын, ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігімен мүлкін тәркілеп, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырып, 2 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауды, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігі негізінде онша ауыр емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сңіру арқылы түпкілікті Е.-нің мүлкін тәркілеп, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырып, 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, жазасын жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуді белгілеуді сұраған.

Қылмыстық іс құжаттарын зерделеп, прокурордың наразылықты қолдаған, сотталғанның мүддесін қорғаушы адвокаттың ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігін алып тастап, үкімінің қалған бөлігін өзгеріссіз, ал прокурордың наразылығын қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған пікірін тыңдап, қылмыстық істегі дәлелдемелерді жан-жақты тексеріп, сот алқасы Е.-ге қатысты сот үкімі төмендегі мән-жайлардың негізінде өзгертілуге жатады деп есептейді.

«Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі» туралы» Жоғарғы Соттың 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 нормативтік қаулысының 7) тармағына сай, егер мүлік алынып қойылса және кінәлі адамның ұрланған мүлікті пайдалану немесе өз қалауы бойынша өзгеше билік етуге нақты мүмкіндігі болса, алаяқтық аяқталған қылмыс болып танылады.

Сотта анықталғандай, Е.-ні А.-дан алаяқтық жолмен талап еткен 1 160 000 теңгені алған жерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің қызметкерлері ұстаған.

Жәбірленуші А. көрсеткендей, 2015 жылы 02 маусымда ол өзінің автокөлігімен Е.-нің айтуы бойынша оны әскери прокуратураның қасынан

алып кетіп, Өскемен-Алматы тас жолының шетіндегі жанармай бекетінің жанында көліктің ішінде оған талап еткен ақшаны берген. Сол кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің қызметкерлері келіп, Е.-ні көліктен шығуын талап еткен.

Қылмыстық іске айғақ ретінде тіркелген 2015 жылғы 2 маусымдағы оқиға болған жерді қарау барысында жүргізілген бейнежазбадан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің қызметкерлері Е. жәбірленуші А.-ның автокөлігінің алдыңғы есігінен шығарып ұстағаны және 1 160 000 теңге автокөліктің жүргізуші орындығынан алынғаны анықталған.

Істің бұл мән-жайлары Е. жәбірленуші А.-дан алынған ақшаны өз қалауы бойынша пайдаланып немесе өзгеше билік етуге еш мүмкіндігі болмаған, яғни ол өзінің қылмыстық ойын өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізбеген.

Бұл тұрғыда Е. тікелей алаяқтық емес, алаяқтыққа оқталу әрекетін жасаған және оның іс-әрекеті ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігімен, 190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағымен саралануы тиіс.

ҚК-нің 3-бабының 29) тармағына сәйкес, ҚК-нің 367-бабымен көзделген қылмыс құрамы сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарына жататын іс-әрекет болып табылады.

Сонымен қатар, ҚК-нің 63-бабының 6) тармағының талаптарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін сотталған адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды.

Алайда сот қылмыстық заңнаманың осы талаптарын бұза отырып, Е.-ге жаза тағайындау барысында ҚК-нің 63-бабын қолданып, шартты түрде соттап, оған 2 жылға сынақ мерзімін белгілеген.

Үкімде көрсетілгендей, сот ҚК-нің 63-бабының 6-тармағының ережелерін талдауға салмаған және не себепті осы ережені қолданбағаны белгісіз. Яғни, сот сотталушыға бас бостандығынан айырмай, шартты жаза тағайындауға мүмкіндік бар деп көрсете отырып, оны ешбір уәжбен негіздемеген.

Осылайша, ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабы және қылмыстардың жиынтығы бойынша, егер мұндай жиынтыққа ҚК-нің 367-бабы енгізілген жағдайда, сотталғанға шартты жаза қолдануға болмайды.

Сондай-ақ, ҚК-нің 367-бабы 2-бөлігінің санкциясымен белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза көзделген. Алайда сот бұл міндетті жаза түрін Е.-ге қатысты қолданбаған және оны қолданбаудың негіздері де сот үкімінде көрсетілмегендіктен, оған қосымша жаза тағайындалуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Е.-ге қатысты бірінші сатыдағы соттың үкімін өзгертіп, сотталған Е.-нің іс-әрекетін ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағынан ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігіне,

190-бабы 3-бөлігінің 1) тармағына қайта саралап, осы бап бойынша мүлкін тәркілеп, 3 жылға бас бостандығынан айыруды, ҚК-нің 28-бабының 4-бөлігі, 367-бабының 2-бөлігімен мүлкін тәркілеп, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырып, 2 жылға бас бостандығынан айыруды, ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігі негізінде түпкілікті Е.-нің мүлкін тәркілеп, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырып, 3 жылға бас бостандығынан айырып, жазасын жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуді белгіледі.

Жазаны өтеу мерзімі сотталғанды қамаққа алған күннен бастап есептеліп, сот үкімінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылды.

Бас Прокурордың наразылығы қанағаттандырылды.

Назначение наказания

Согласно частям 3 и 4 статьи 63 УК суд устанавливает по правилам части 2 статьи 44 УК пробационный контроль на весь назначенный срок лишения свободы и не назначает конфискацию имущества

05 июля 2016 года

№ 2уп-144-16

Приговором Щербактинского районного суда Павлодарской области от 15 марта 2016 года

Л., ранее не судимый, осужден по части 3 статьи 24, пункта 3 части 4 статьи 188 УК к 5 годам лишения свободы с конфискацией имущества.

В соответствии со статьей 63 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) наказание постановлено считать условным сроком на 3 года с конфискацией имущества.

В отношении Л. установлен пробационный контроль.

Приговором суда Л. признан виновным в покушении на хищение денег в сумме 14 015 000 тенге с банкомата районного отделения АО «Н» в с. Шарбакты, не доведенном до конца ввиду того, что имеющимся у него ножом он не смог взломать банкомат.

В апелляционном порядке дело не рассматривалось.

В протесте Генеральный прокурор, не оспаривая квалификацию действий осужденного, указывает, что при вынесении приговора судом

нарушены требования части 3 статьи 63 УК, в соответствии с которыми при назначении условного осуждения суд должен установить пробационный контроль на весь срок назначенного наказания. Вопреки указанной норме, суд, назначив в приговоре Л. 5 лет лишения свободы, без какого-либо обоснования установил осужденному пробационный контроль сроком на 3 года.

Кроме того, в нарушение положений части 4 статьи 63 УК судом в приговоре при условном осуждении назначено дополнительное наказание в виде конфискации имущества.

Просит приговор в отношении Л. изменить: отменить дополнительное наказание в виде конфискации имущества и по правилам части 2 статьи 44 УК установить Л. пробационный контроль на весь назначенный срок наказания в виде 5 лет лишения свободы.

Заслушав выступления, изучив материалы уголовного дела, обсудив доводы протеста, судебная коллегия Верховного Суда считает протест подлежащим удовлетворению.

В соответствии с пунктом 10 статьи 494 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) основаниями для отмены или изменения приговора в кассационном порядке являются обстоятельства, указанные в статье 433 УПК. К числу данных обстоятельств относится неправильное применение уголовного закона.

В силу положений пункта 1 статьи 437 УПК к неправильному применению уголовного закона отнесено нарушение требований Общей части УК.

По настоящему уголовному делу при назначении наказания осужденному Л. судом допущены нарушения требований части 3, части 4 статьи 63 Общей части УК, что повлияло на законность приговора и назначение справедливого наказания.

Согласно положениям части 3 статьи 63 УК при назначении условного осуждения суд по правилам части второй статьи 44 УК устанавливает пробационный контроль на весь назначенный срок лишения свободы.

Вопреки указанным требованиям закона суд, назначив в приговоре Л. наказание в виде 5 лет лишения свободы, установил осужденному пробационный контроль сроком на 3 года, чем произвольно изменил пределы контроля за исполнением наказания со стороны уполномоченного государственного органа, осуществляющего контроль за поведением условно осужденного.

Помимо этого, в нарушение положений части 4 статьи 63 УК судом назначено осужденному дополнительное наказание в виде конфискации имущества, тогда как приведенной правовой нормой установлен запрет на назначение данного вида наказания при условном осуждении.

Неправильное назначение наказания является основанием для изменения приговора суда в отношении Л. для приведения его в соответствие с положениями Общей части УК, регулирующими порядок и условия назначения наказания при условном осуждении.

В этой связи, установленный осужденному срок пробационного контроля подлежит увеличению на весь назначенный срок наказания в виде 5 лет лишения свободы, а назначенное дополнительное наказание в виде конфискации имущества – отмене ввиду его назначения с нарушением закона.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда изменила приговор суда первой инстанции, отменив назначение дополнительного наказания в виде конфискации имущества.

Л. установлен пробационный контроль сроком на 5 лет, с возложением в период пробационного контроля обязанностей, перечисленных в приговоре суда.

Протест Генерального прокурора Республики Казахстан удовлетворен.

Назначение наказания

**В силу положений статей 6, 14,
части 2 статей 55, 60 УК судебные акты
нижестоящих судов изменены, приговор
приведен в соответствие с положениями УК**

19 июля 2016 года

№ 2уп-163-16

Приговором Коксуского районного суда Алматинской области от 29 апреля 2014 года А., ранее судимый, осужден за кражу у Т. по пунктам «б, в» части 2 статьи 175 УК к 2 годам лишения свободы. На основании статьи 60 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) по совокупности приговоров, путем частичного присоединения неотбытого наказания по приговору Талдыкорганского городского суда от 14 января 2014 года окончательно к отбытию назначено 4 года 6 месяцев лишения свободы, с отбыванием наказания в исправительной колонии общего режима.

Приговором суда А. признан виновным в совершении неоднократных краж чужого имущества, с незаконным проникновением в жилище, а также в покушении на кражу.

Дело в апелляционном порядке не рассматривалось.

Постановлением суда № 2 г.Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области от 3 марта 2015 года представление начальника учреждения ОВ-156/3 в отношении осужденного А. удовлетворено. В порядке статьи 6 УК исключен из действий осужденного А. рецидив преступлений, предусмотренный частью 1 статьи 13 УК (в редакции от 1997 года), признанный приговором Талдыкорганского городского суда Алматинской области от 14 января 2014 года. В остальной части приговор оставлен без изменения.

В ходатайстве осужденный А., не соглашаясь с приговором, просит пересмотреть его и уменьшить срок наказания, считая, что ему назначен большой срок.

Изучив материалы уголовного дела, заслушав заключение прокурора Н., полагавшего приговор суда подлежащим изменению как в части квалификации, так и в части назначенного наказания осужденному, обсудив содержащиеся в ходатайстве доводы, судебная коллегия Верховного Суда считает, что судебные акты в отношении А. подлежат изменению по следующим основаниям.

Выводы суда о доказанности вины осужденного А. в совершении краж чужого имущества и в покушении на кражу, неоднократно, с незаконным проникновением в жилище при обстоятельствах, изложенных в приговоре, основаны на объективно исследованных и надлежаще оцененных в судебном заседании доказательствах и соответствуют фактическим обстоятельствам дела, преступные действия квалифицированы правильно.

Вместе с тем, доводы ходатайства осужденного о том, что ему назначен чрезмерно большой срок наказания, заслуживают внимания.

Пункт 15 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 4 от 25 июня 2015 года «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания» гласит, что если после вынесения приговора будет установлено, что осужденный виновен еще и в совершении других уголовных правонарушений, одни из которых совершены до, а другие после вынесения приговора, наказание по второму приговору определяется с применением как статьи 58, так и статьи 60 УК: вначале определяется наказание по совокупности преступлений, совершенных до вынесения первого приговора, затем применяются правила части 6 статьи 58 УК, после чего определяется наказание по совокупности преступлений, совершенных после вынесения первого приговора и окончательное наказание определяется по совокупности приговоров.

Аналогичные требования содержатся и в пункте 19 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 30 апреля 1999 года № 1 «О соблюдении судами законности при назначении уголовного наказания», действовавшего на момент рассмотрения судом данного дела.

Однако судом эти требования закона были грубо нарушены, что ухудшает положение осужденного.

Из приговора следует, что суд назначил А. наказание по правилам как части 6 статьи 58, так и статьи 60 УК. Однако применение правил статьи 60 УК является необоснованным, поскольку объективно установлено, что все преступления, за которые А. признан виновным по последнему приговору, были совершены им до вынесения предыдущего приговора от 14 января 2014 года.

Таким образом, суд неправильно истолковал нормы закона и необоснованно разбил на две части совершенные А. до вынесения предыдущего приговора преступления, ошибочно назначил по ним наказание по отдельности, а потом применил статью 60 УК. Вышеназванные ошибки суда подлежат устранению.

Согласно приговору в действиях А. признан рецидив преступлений, который в силу положений статей 6, 14 УК подлежит исключению, поскольку совершенные им преступления относятся к преступлениям средней тяжести. Соответственно, из приговора подлежат исключению рецидив преступлений как отягчающее обстоятельство и часть 2 статьи 59 УК, в связи с чем наказание осужденному следует назначить по правилам части 2 статьи 55 УК (в новой редакции), так как согласно приговору в действиях А. имеются смягчающие ответственность и наказание обстоятельства.

По указанным основаниям приговор в отношении А. подлежит изменению.

На основании изложенного, судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда изменила приговор суда первой инстанции в отношении А., исключила из приговора признание рецидива преступлений на основании части 1 статьи 13 УК, применение правил части 2 статьи 59 УК при назначении наказания, признание отягчающим ответственность обстоятельством рецидива преступлений, применение статьи 60 УК.

Постановила считать А. осужденным по пунктом «б, в» 2 статьи 175 УК по всем эпизодам инкриминированных краж. Наказание по пунктам «б, в» части 2 статьи 175 УК с учетом требований пункта 1 части 2 статьи 55 УК снизила до 2 лет 6 месяцев лишения свободы, назначенное осужденному по статье 24, по пунктам «б, в» части 2 статьи 175 УК наказание с учетом требований пункта 1 части 2 статьи 55 УК снизила до 1 года 10 месяцев лишения свободы.

На основании части 2 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим по совокупности преступлений 2 года 6 месяцев лишения свободы и по части 6 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим по совокупности преступлений окончательно назначила А. к отбытию 4 года лишения свободы с отбыванием наказания в исправительной колонии общего режима.

Ходатайство осужденного А. удовлетворено.

**Условно-досрочное освобождение
от наказания**

**Согласно частям 3, 4 и 5 статьи 72 УК
осужденный подлежит освобождению
условно-досрочно в случае полного возмещения
им ущерба, причиненного преступлением, и отсутствия у него
злостных нарушений установленного порядка отбывания наказания**

26 июля 2016 года

№2уп-171-16

Постановлением районного суда № 2 Алматинского района города Астаны от 14 декабря 2015 года отказано в удовлетворении ходатайства осужденного И. в условно-досрочном освобождении от дальнейшего отбывания наказания.

Постановлением апелляционной судебной коллегии по уголовным делам суда города Астаны от 2 февраля 2016 года постановление районного суда оставлено без изменения.

В ходатайстве осужденный И., не соглашаясь с вынесенными судебными актами, считает, что ему необоснованно отказали в условно-досрочном освобождении, просит отменить судебные акты и удовлетворить его ходатайство об условно-досрочном освобождении.

Изучив материалы об условно-досрочном освобождении и выслушав заключение прокурора Н., полагавшего необходимым отменить оспариваемые судебные акты в отношении И. и удовлетворить ходатайство осужденного, обсудив содержащиеся в ходатайстве доводы, кассационная судебная коллегия пришла к следующему выводу.

При рассмотрении ходатайства суд первой инстанции отказал в удовлетворении ходатайства осужденного, ссылаясь на то, что с осужденного в солидарном порядке с другими осужденными взысканы судебные расходы, сведений о возмещении которых не предоставлено.

Апелляционная инстанция, ссылаясь на выводы о том, что не предоставлено убедительных доказательств, подтверждающих исправление и перевоспитание И., оставила без изменения постановление суда первой инстанции.

Указанные выводы судов являются незаконными, так как на момент рассмотрения ходатайства осужденного И. действовала норма абзаца второго части 1 статьи 72 УК о том, что лицо, отбывающее лишение свободы, после фактического отбытия сроков, указанных в частях третьей, четвертой и пятой статьи 72 УК, подлежит освобождению условно-досрочно в случае полного возмещения им ущерба, причиненного преступлением, и отсутствия у него злостных нарушений установленного порядка отбывания наказания.

О необходимости правильного применения указанных выше положений закона указано и в нормативном постановлении Верховного Суда Республики Казахстан № 6 от 2 октября 2015 года «О судебной практике условно-досрочного освобождения от отбывания наказания, замены неотбытой части наказания более мягким видом наказания и сокращения срока назначенного наказания».

Согласно пункту 2 указанного нормативного постановления, если судом устанавливается, что наряду с фактическим отбытием предусмотренного законом срока наказания осужденный не имел злостных нарушений режима отбывания наказания и полностью возместил ущерб, причиненный преступлением, то в соответствии с абзацем вторым части первой статьи 72 УК он подлежит условно-досрочному освобождению без каких-либо дополнительных условий.

Кроме того, как указано в абзаце 6 этого же пункта, к ущербу, подлежащему возмещению, не относятся процессуальные издержки, взысканные с осужденного по приговору суда.

Норма абзаца второй части 1 статьи 72 УК и разъяснения нормативного постановления имеют императивный характер и являются для суда обязательными.

Как следует из материалов дела, И. осужден по пунктам «а», «в» части 3 статьи 259 УК к 11 годам лишения свободы. Начало срока отбывания наказания исчислено с 17 июля 2008 года. Согласно статье 11 УК совершенное И. преступление относится к категории особо тяжких. Установленные пунктом 3) части 3 статьи 72 УК две трети срока наказания осужденный отбыл 17 ноября 2015 года.

Ущерба, причиненного преступлением, по делу не имеется. Также отсутствуют у осужденного и злостные нарушения установленного порядка отбывания наказания. Материалами установлено, что за весь период отбывания наказания И. имеет 10 поощрений и 1 погашенное взыскание, администрацией колонии характеризуется положительно.

При таких обстоятельствах ходатайство осужденного подлежит удовлетворению.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении И. и освободила И. условно-досрочно от дальнейшего отбывания наказания, на неотбытый срок 2 года 11 месяцев 20 дней.

За осужденным И. в течение оставшейся неотбытой части наказания установлен пробационный контроль и на него возложено исполнение обязанностей, предусмотренных пунктом 8 статьи 169 Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан.

Ходатайство осужденного И. удовлетворено.

**Обобщение
судебной практики по рассмотрению
уголовных дел о терроризме и экстремизме
за 2014, 2015 годы и первое полугодие 2016 года**

Во исполнение пункта 3 Плана работы Верховного Суда Республики Казахстан на 2-ое полугодие 2016 года судебная коллегия по уголовным делам провела обобщение судебной практики по рассмотрению уголовных дел о терроризме и экстремизме. В рамках обобщения изучена судебная практика за 2014, 2015 года и первое полугодие 2016 года.

Предметом обобщения является изучение судебной практики рассмотрения судами республики уголовных дел о терроризме и экстремизме.

Целью обобщения является выявление проблемных вопросов, возникающих в судебной практике по рассмотрению таких категорий дел, обратить внимание на правильность их разграничения между собой и от преступлений со смежными составами, с целью выработки предложений по обеспечению единства судебной практики и определение необходимости разработки нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан по данным категориям дел.

Рассматривая вопросы терроризма, необходимо отметить, что статья 255 УК (статьи 233 УК в редакции 1997 года) озаглавлена как «Акт терроризма» и дается в следующей редакции: «Совершение взрыва, поджога или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба либо наступления иных общественно опасных последствий, если эти действия совершены в целях общественной безопасности, устрашения населения, либо оказания воздействия на принятие решений государственными органами Республики Казахстан, иностранным государством или международной организацией, а также угроза совершения указанных действий в тех же целях» - в первом пункте статьи 255 и в пункте четыре дополнено следующим: «Посягательство на жизнь человека, совершенное в целях нарушения общественной безопасности, устрашения населения, оказания воздействия на принятие решений государственными органами Республики Казахстан, иностранным государством или международной организацией, провокации войны либо осложнения международных отношений, а равно посягательство на жизнь государственного или общественного деятеля, совершенное в тех же целях, а также в целях прекращения его государственной или иной политической деятельности либо из мести за такую деятельность, либо посягательство на жизнь человека, сопряженное с нападением на лиц или организации, пользующихся международной защитой, здания, сооружения, захватом заложника, зданий, сооружений, средств сообщения и связи, угоном, а равно

с захватом воздушного или водного судна, железнодорожного подвижного состава либо иного общественного транспорта».

Подобная редакция встречается и в определении «акта терроризма», данном в пункте 6 статьи 1 Закона Республики Казахстан «О противодействии терроризму». Таким образом, законодатель унифицировал это определение для правильного его толкования.

На сегодняшний день правовые основы борьбы с терроризмом и экстремизмом заложены в следующих нормативных правовых актах:

- Конституция Республики Казахстан;

- Уголовный Кодекс Республики Казахстан в редакции от 16.07.1997 года и в редакции от 03.07.2014 года;

- Закон Республики Казахстан от 13.07.1999 года «О противодействии терроризму»;

- Закон Республики Казахстан от 18.02.2005 года «О противодействии экстремизму»;

- Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 21.06.2001 года № 215 «О некоторых вопросах применения судами законодательства об ответственности за бандитизм и другие преступления, совершенные в соучастии» и ряде других.

Судебная практика по рассмотрению уголовных дел по делам о терроризме и экстремизме выглядит следующим образом.

Согласно статистическим данным таблицы А – формы 1 ЕАИАС СО РК по указанной категории дел в 2014 году в производство судов республики поступило всего 91 дело в отношении 110 лиц, с учетом остатка (7) всего в производстве находилось 98 дел.

Всего окончено - 86 дел в отношении 106 лиц, рассмотрено с вынесением приговора – 81 дело, одно лицо оправдано – (по части 2 статьи 164 УК).

По мерам наказания: осуждено 97 лиц, из них: к лишению свободы – 72 лица (74,2%), ограничению свободы – 21 лицо (21,6%), осуждены условно – 4 (4,1%).

В 2015 году в суды поступило 113 дел в отношении 139 лиц, с учетом остатка (11) – 124 дела (по новым статьям УК – 95 дел в отношении 107 лиц, по старым статьям УК – 18 дел (остаток 11 дел) в отношении 32 лиц).

Окончено - 113 дел в отношении 140 лиц, рассмотрено с вынесением приговора – 108 дел.

По мерам наказания: осуждено 127 лиц, из них: к лишению свободы – 106 лиц (83,5%),

ограничению свободы – 9 лиц (7,1%),

осуждены условно – 11 (8,7%),

штраф – 1 лицо (0,8%).

За первое полугодие 2016 года поступило в суды – 53 дела данной категории в отношении 73 лиц, с учетом остатка (9) в производстве судов находилось всего – 62 дела.

Окончено производством 52 дела в отношении 60 лиц. По мерам наказания осуждено 56 лиц, из них:

- к лишению свободы – 49 лиц (87,5%),
- ограничению свободы – 2 лица (3,6%),
- осуждены условно – 5 лиц (9,0%).

Всего за анализируемый период (2014, 2015, 6 месяцев 2016 года) в суды республики (без учета остатка) поступило 257 дел, из них в основном дела:

- по статье 273 УК (статьи 242 УК 1997 г.) (заведомо ложное сообщение об акте терроризма), что составляет 45% от числа поступивших дел;

